



Бұл күндері дүниежүзілік жұртшылық ЮНЕСКО-ның шешімі бойынша ұлы ақын, ойшыл және гуманист Абай Құнанбаевтың 150 жылдығын кеңінен атап өтуде. Біздің ұлы жерлесіміздің шығармашылық мұрасын насихаттауға республиканың Ұлттық академиясы өз үлесін қосып келеді. Мұның қандай нақты үлес

екені туралы ҚазТАГ тілшісімен әңгімесінде Ұлттық ғылым академиясының президенті, академик Кенжеғали Сағадиев айтып берді.

Біз осы істегі өзіміздің басты міндетімізді, деді ол, ең алдымен қазақ халқының ұлы перзентінің еңбектерін ғылыми және философиялық тұрғыдан ой елегінен өткізу, оны лайықты түрде насихаттау деп білеміз. Осы мақсатпен академияның қоғамдық ғылымдар бөлімшесі маусымның аяғында «Абайдың ХХІ ғасыр қарсаңындағы рухани мұрасы» деген тақырыпта республикалық ғылыми-теориялық конференция өткізді. М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және

Абайды бүкіл әлем біле бастады

өнер институты мерейтой иесінің екі томдық шығармалар жинағының академиялық басылымын әзірлеу жөніндегі көлемді жұмысты аяқтап шықты.

Ғалымдар, сондай-ақ, іргелі монографиялар мен ғылыми мақалалардың жинақтарын шығарды. Олардың ішінде академик З. Ахметовтің «Абайдың поэзиялық әлемі», филология ғылымының докторы, профессор М. Мырзахметовтің «Абайдың адамгершілік мұраттары», «Абайтану тарихы», «Абай және Шығыс», филология ғылымының докторы Ж. Ысмағұловтың «Абайдың поэтикалық тағылымы», филология ғылымының кандидаты Қ. Мұхамедхановтың үш кітаптан тұратын «Абай мектебінің ақындары», Қ. Салғариннің «Абайдың тарихи көзқарастары» сондай-ақ, «Абай туралы естеліктер», «Абай және қазіргі заман», «Абай туралы сөз», «Абайдың юморы», «Абайды таны» ұжымдық монографиялар мен жинақтар бар. Академияның корреспондент-мүшесі Р. Сыздықова «Абайдың поэтикалық тілі» зерттеуін жариялады.

Оның үстіне біздің Ұлттық ғылым академиямыздың мүше-корреспонденті Р. Нұрғалиевтің басшылығымен іргелі еңбек — «Абай» энциклопедиясы жарық көрді. Оны жазуға көптеген ғалымдар қатысты. Философтар өздерінің ұжымдық — «Абайдың философиясы мен дүниетанымы» монографиясын шығарды. Академияның корреспондент-мүшесі Т. Есімов «Хәкім Абай» кітабын, философия ғылымының докторы М. Орынбеков «Абайдың философиялық көзқарастары» кітабын жұртшылыққа ұсынды. Республиканың Ұлттық ғылым академиясы Абайдың шығармашылығына арналған халықаралық форумдар мен конференциялардың жұмысына белсене қатысуда. Атап айтқанда, ЮНЕСКО-ның Париждегі салтанатты мәжілісіне, Ресейдегі, Қытайдағы, Түркиядағы, Өзбекстандағы, Қырғызстандағы, Татарстандағы, біздің еліміздің облыс орталықтарындағы шараларға белсене қатысты. Оның үстіне академиялық ғалымдар Абайдың Семейдегі мұражайына және Абайдың отаны Жидебайдағы мұражайға барынша тұрақты көмек көрсетіп келеді. Олар мұнда ғылыми кеңес беру үшін талай рет келіп, өздерінің зерттеу нәтижелері туралы Қазақстанның, сондай-ақ, шекаралас елдердің бұқаралық ақпарат құралдарында айтып та, жазып та келеді.

Тамыздың 8-і — 9-ында ұлы ақын, гуманистің шығармашылық мұрасына толығымен арналатын академияның ғылыми мерекелік сессиясын өткізу жоспарланып отыр. Онда «Абай және оның заманы», «Абай — қазақ әдебиетінің классигі», «Абай және дүниежүзілік әдебиет», «Абай және жалпы дүниежүзілік өркениеттің рухани құндылықтары» тәрізді мәселелердің тобын мүдделілікпен талқылау көзделіп отыр. Бұл сессияға барлық континенттердің аса көрнекті мәдениет, ғылым қайраткерлері, ақындары, оның биік гуманизмі мен халықтар арасындағы сындарлы өзара түсіністік пен туысқандыққа шақыратын шығармаларын қымбат санайтындар шақырылып отыр.

Сөзімді қорытындылай келгенде, Абайдың рухани мұрасы, оны зерттеу және оқып-үйрену бүгінгі және болашақ ұрпақтар үшін, оның идеяларын Қазақстан қоғамын жетілдіру мақсатында пайдалану үшін орасан зор маңызы бар екенін ерекше атап өтпекші. Оның халықты бірлесуге, туысқандыққа, қоғамдық прогреске бөгет болатын кеселдерді батыл жоюға, дүние жүзінің мәдениеті мен өркениетінің құндылықтарын игеруге шақыратын терең ойлары қазақстандық өркениеттің нағыз сара жолы болып табылады. Біз осыған бағдар ұстанып отырмыз. Осы идеяларға ұлттық рухтың негізі ретінде, қайта өрлеудің берік іргетасы ретінде сүйене отырып, біз Қазақстан қоғамы үшін бүгін де, ертең де аса көкейкесті және маңызды болып табылатын міндеттерді табысты шеше аламыз.

(ҚазТАГ).